

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІ:
ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ САЛДАРЫ**

**MIGRATION PROCESSES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
CURRENT SITUATION AND CONSEQUENCES**

**МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН:
СЛОЖИВШАЯСЯ СИТУАЦИЯ И ПОСЛЕДСТВИЯ**

Р. ШОХАН^{1*}

э.ф.к., қауымдастырылған профессор

С. НУРПЕИСОВ²

экономика ғылымдарының магистрі

А. ХОЙЧ³

Ph.D, қауымдастырылған профессор

^{1,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²«Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан

*автордың электрондық поштасы: roza-shokan@mail.ru

R. SHOKHAN^{1*}

C.E.Sc., Associate Professor

S. NURPEISSOV²

Master of Economics Sciences

A. KHOICH³

Ph.D, Associate Professor

^{1,3}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

² «Turan-Astana» University, Astana, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: roza-shokan@mail.ru

Р. ШОХАН^{1*}

к.э.н., ассоциированный профессор

С. НУРПЕИСОВ²

магистр экономических наук

А. ХОЙЧ³

Ph.D, ассоциированный профессор

^{1,3}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

² Университет «Турани-Астана», Астана, Казахстан

*электронная почта автора: roza-shokan@mail.ru

Аңдатпа. Ауыл халқының көші-қоны - елдердің және олардың жекелеген аумақтарының экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және демографиялық дамуына әсер ететін объективті процесс. Көші-қон процесін реттеу және қадағалау - мемлекеттің басым міндеттерінің бірі. *Мақсаты* - республиканың ауылдық аумақтарындағы көші-қон ағындарының ауқымы мен бағыттары, қоныс аудару себептері және ауылдық жерлердегі еңбек нарығына әсер ету дәрежесі қаралды. *Әдістер* - экономикалық белсенді азаматтардың қоныс аудару деңгейін сипаттайтын сандық көрсеткіштерді анықтау үшін салыстыру. АЕМ-ге келгендер мен шыққандардың динамикасын бағалау топтастыру және графикалық талдау әдістерімен жүзеге асырылды. Жалпылау әдісі - қоныс аударудың негізгі аспектілерін қалыптастыру кезінде. *Нәтижелер* - авторлар заңды еңбек көші-қоны, түсіндіру және кеңес беру, құқықтық қорғау тетіктерін және келушілер мен кетушілер үшін ұйымдастыру шараларын жетілдіру қажеттігін айтады. Инфрақұрылымды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, мансаптық өсу мүмкіндіктеріне, жоғары табыс алуға, жергілікті тұрғындарды көшіру деңгейі жоғары ауылдық елді мекендерде (АЕМ) әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз етуге ерекше назар аударған жөн. Зерттеу негізінде оң үрдістер мен өндірістің тұрақты өсуі қалаға тұрақты тұруға да, уақытша жұмыс іздеуге де ынталандырмайды деген қорытынды жасалды. *Қорытындылар* - көшіп-қонушыларды

Кіріспе

Жаһандану жағдайында халықаралық нарықта капитал қозғалысы мен бірге адамдардың қозғалысы да өз белсенділігін көрсетіп отыр. Даму дәрежесі төмен не дағдарысты экономика қалыптасқан елдерден адамдардың жайлы өмірді іздеу мақсатында барынша қолайлы мемлекеттерге қарай көшіп-қонуы қалыпты құбылысқа айналды. Қазіргі уақытта миграция дамыған елдердің, дамушы елдердің, сонымен бірге өңіраралық жағдайда да өзекті мәселеге айналууда. Ел тарихында көші-қон саясатының дамуының шартты түрде үш негізгі кезеңі қалыптасқан (Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын...) [1].

Бірінші кезең (1991-2000жж.) КСРО-ның таратылуы, әкімшілік-басқару жүйенің өзгеруіне сәйкес мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрделенуімен байланысты болды. Осы кезеңде елдегі демографиялық жағдайдың сипаты өзгеріп көші-қон үрдісінің салдарынан халық саны, 1991ж. тіркелген 16,5 млн адамнан 2000ж. 14,8 млн адамға дейін азайды. Мемлекеттің көші-қон саясаты этникалық қазақтарды репатриациялауға, жалпы көші-қон үрдісінің құқықтық, экономикалық сипаттарын нақтылауға бағытталды деуге болады.

Мемлекетте көші-қон үрдісін реттеуге бағдарланған заңнамалық база қалыптасты. 1995ж. қазақ диаспорасын қолдау мемлекеттік бағдарламасы, 1997ж. «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңы (Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан...) [2], 1998ж. этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасы (Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы...) [3] қабылданған. Екінші кезең (2001-2010 жж.), мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік-саяси салаларда жүргізген реформалармен ерекшеленген. Халықаралық еңбек нарығындағы елдің тартымдылығының өскені байқалып, шетелдік мамандардың келу легі жоғарылады.

Ішкі көші-қон нәтижесінде ауыл халқының ірі қалаларға қоныс аударуы, оңтүстік пен солтүстік аумақтардағы халық тығыздығындағы айырмашылық теңгерімсіздік мәселесін күрделендірді.

Осы мәселелерді шешу мақсатында ҚР-сы көші-қон саясатының 2001-2010жж. арналған салалық бағдарламасы (Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының...) [4], ҚР-ының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын...) [5] қабылданған.

Осы құжаттарда тұрақты демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуға қол

жеткізу, мемлекеттің көші-қон саласындағы ұстанымын қалыптастыру, ауылда қоныстануды орнықтыру үшін қолайлы тіршілікті қамтамасыз етуге жағдай жасау қарастырылған. Үшінші кезеңде (2011-2022жж.) жаһандану салдарының ерекшеліктері, әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпалының басымдықтары айқындалды. Білікті кадрлардың кетуі, адамдардың білім алу мақсатындағы қозғалыс үрдістерінің артқаны байқалуда.

Әдебиетке шолу

Миграция категориясы бір ғана ғылымның зерттеу тақырыбы болып есептелмейді және мазмұны мен мәні бойынша әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, саяси, экологиялық аспектілерде қарастырылады. «Миграция» термині (лат. тілінен: migration-қоныс аудару) адамның ел ішіндегі не мемлекет арасындағы қозғалысын білдіреді (Сухов А.Н., Трыканова С.А.) [6].

Саяси аспекті тұрғысынан көші-қон, мемлекетшілік, мемлекетаралық көші-қон түрлерін бөлуге; мемлекетшілік көші-қон үрдісіне бір елдің аумағындағы қоныс аударуды және бұл қоныс аударудың елдің халық санына әсер етпейтіндігін; ал мемлекетаралық көші-қон елдер арасындағы қоныс аударуды, сонымен қатар мемлекеттік шекарадан өту мәселесі мен бірге экономикалық, неке-жанұялық, ұлттық-мәдени факторларға байланысты адамдардың тұрғылықты жерлерін ауыстыруын көрсетеді (Нурмагамбетов А.М., Нурмагамбетова С.Б.) [7].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген кез-келген адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, мемлекеттің территориясында еркін жүріп-тұруға, тұрғылықты мекенжайын өз еркі бойынша таңдауға құқылы (Қазақстан Республикасы Конституциясы) [8]. Көші-қон көп факторлы үрдіс болғанымен, оның экономикалық аспектісінің маңызы басым. Әлемдік экономикадағы даму алшақтық, кедей елдерден ауқатты елдерге бағытталатын көші-қон ағынын туғызуда. Көші-қон процесінің заңдылығы мен қозғаушы күшін анықтап, мемлекеттің ұстанымына негізделе отырып, тиімді көші-қон саясатын қалыптастыру керек (Никитская Е.Ф., Грабчук С.В.) [9].

Көші-қон қоғамның әлеуметтік-демографиялық құрылымындағы өзгерістерге: әлеуметтік бөлініске, еңбек нарығына, адамдардың ұзақ және қарқынды қозғалысы бағытталған территорияларда орын алатын әлеуметтік шиеленіске әсер етеді (Бойков В.Э.) [10]. Тұрғындардың аумақтық қозғалысы жергілікті қауымдастыққа өзгерістер енгізіп, мемлекеттің әлеуметтік-экономи-

калық саясатына ықпал етеді. Өндірістік ресурстың нақтырақ еңбек ресурсының экономикалық дамуға байланысты біркелкі бөлінбеуі, жұмыс күші артық және оның жетпеушілігі бар өңірлерде әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері бойынша теңсіздікті күшейтеді (Зайцева И.Б.) [11].

Көші-қон үрдісінің әлеуметтік-психологиялық аспектісі, тұрғылықты мекен-жайын ауыстырған азаматтардың келген жерінде сезінетін психологиялық қиындықтарын анықтауға бағдарланады (Хрусталева Н.С.) [12]. Көші-қон үрдісінің экологиялық аспектісі, экологиялық жағдайдың нашарлауы, табиғаттың денсаулық пен өмірге тигізіп жатқан кері әсерінен адамның елдің ішінде не елден тыс аумаққа мәжбүрлі қоныс аударуын білдіреді (Евтушенко В.И., Шпаковский Ю.Г.) [13]. Сонымен, көші-қон ұғымын түрлі ғылым салаларының зерттеу объектісіне айналған, күрделі және көп қырлы ұғым ретінде сипаттауға болады.

Материалдары мен әдістері

Мақаланың зерттеу материалдарының ақпарат көзін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ресми статистикалық көрсеткіштері құрады.

Зерттеу барысында жалпы қолданыстағы сандық-сапалық әдістер яғни сипаттау, тұжырымдау, жіктеу, жалпылау, топтастыру, салыстыру әдістері қолданылды.

Республикадағы көші-қон үрдісінің қазіргі жағдайын талдау барысында келесідей іс-шаралар кешені орындалды:

– зерттеу мәселесі бойынша жазылған шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне шолу жасалынды, көші-қон ұғымының, көші-қон категориясының мазмұны мен мәнін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, этнографиялық, нормативтік-құқықтық, саяси және экологиялық аспектілері тұжырымдалды;

– Қазақстан Республикасындағы ішкі және сыртқы көші-қон үрдісін сипаттайтын көрсеткіштер топтастырылды, көші-қон кезеңдері жүйелендірілді;

– көші-қон үрдісіне қатысушылардың өңірлік бөлінісі, жеке этникалық топтары және мақсаты бойынша салыстырмалы талдау әдісінің көмегімен бағаланды, қорытындылар жасалынды;

– көші-қон үрдісін реттеуге бағдарланған құқықтық актілерге, мемлекеттік бағдарламаларға сүйене отырып, қарастырылып отырған мәселені шешудің тетіктері жалпылау әдісінің көмегімен сипатталды.

Нәтижелер

Қазақстан – жер аумағы бойынша әлемдегі тоғызыншы мемлекет. Жерінің аумағы 2 724 902 шаршы км құрайды. Ал, халық саны бойынша 2024 жылдың 1-ақпанындағы есепке сәйкес әлем елдерінің ішінде 62-орында, яғни 20 053 665 адам өмір сүруде. Жалпы елдің аумақтық дамуын болжау үшін халықтың көші-қон үрдісі туралы мәліметтерді жинаудың және талдаудың қажеттілігі бар.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған уақытынан бастап халық санының өсу үрдісі орын алып отыр (1 кесте).

1 кесте – Қазақстан халқының саны, мың адам

	1991ж.	2000ж.	2010ж.	2020ж.	2022ж.	2023ж.
Барлық халық	16 451,7	14 865,6	16 442,0	18 879,5	19 246,3	19 766,8
оның ішінде:						
Қала халқы	9 404,0	8 413,4	8 961,4	10 698,2	11 479,6	12 209, 8
Ауыл халқы	7 047,7	6 452,2	7 480,6	7 697,3	7 766,7	7 556, 9
Қала халқының үлесі,%	57,2	56,6	54,5	56,7	59,6	61,8
Ауыл халқының үлесі,%	42,8	43,4	45,5	40,8	40,4	38,2

Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің мәліметтері бойынша құрастырылған

1 кестедегі сандық көрсеткіштерге қарайтын болсақ, адам саны 2023 жылы 1991 жылмен салыстырғанда 3 315,1 мың адамға өскен немесе 20,2% - жоғарылаған. Оның ішінде қала халқының саны 2 805,8 мың адамға немесе 29,8%-ға жоғарыласа, ауыл халқының саны 509,2 мың адамға немесе 7,2%-ға өсті. Ауыл халқының санымен салыстырғанда қала халқының өсім қарқыны біршама жоғары. Құрылымдық қатынас мөлшерін қарастыратын болсақ та 2023 жылы қала халқының үлесі 61,8%-ды, ал ауыл халқының үлесі 38,2%-ды құрап отыр.

Демек, республикада қала халқының үлес салмағы басым. Ал, ауылдық елді мекендерде өмір сүретін халықтың үлесі 1991 жылы 42,8%-ды құраған болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 4,6%-ға төмендеп, 38,2%-ды құрады.

2019-2023 жылдар ішіндегі ішкі көші-қон саласындағы халық қозғалысының көрсеткіші тұрақты өсімді көрсетіп отыр (2 кесте).

Аумақтық бөлініс бойынша қалалық елді мекендерге қоныс аударушылардың саны 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 31,9%-ға өсіп 724 135адам болған. Ал кет-

көшпенділердің үлес салмасы 31,6%-ға өскен немесе 632 961 адамға жеткен. Ауылдық елді мекендерге келушілердің саны 27,9%-ға


жоғарылап, 324 837 адамды құраса, көшіп кетушілердің саны 406 667 адамға жеткен.

2 кесте – Ішкі көші-қон өзгерісі, адам

Өңіраралық және өңірлік бөліністе	2019ж.	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2023ж.
Барлық халық					
Келгендер	1 110 252	845 200	756 510	803 033	1 048 972
Кеткендер	1 110 252	845 200	756 510	803 033	1 039 628
Көші-қон айырымы	0	0	0	0	9 344
Қалалық елді мекендер					
Келгендер	684 213	546 228	519 417	548 964	724 135
Кеткендер	613 546	466 284	444 801	480 864	632 961
Көші-қон айырымы	70 667	79 944	74 616	86 100	91 174
Ауылдық елді мекендер					
Келгендер	426 039	298 972	237 093	254 069	324 837
Кеткендер	496 706	378 916	311 709	322 169	406 667
Көші-қон айырымы	-70 667	-79 944	-74 616	-68 100	-81 830
Ескерту: (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы; Қазақстан Республикасы халқының...) [14,15] әдебиет негізінде құрастырылған.					

Ауылдық елді мекендерге көшіп келушілерге қарағанда көшіп кетушілердің арасалмағы жоғары болып отыр. Осы талдаулар қалалық елді мекендерге көшіп келушілердің және ауылдық елді мекендерден көшіп кетушілердің үлесінің басымдығын көрсетуде. Жұмыссыздық, әлеуметтік-коммуникациялық инфрақұрылымның жағдайы, таза ауыз су, жұмыс орындарының тапшылығы ауылдық елді-мекендердегі көші-қон себептері болуы мүмкін.

Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісіне сәйкес 2024 жылғы мәлімет бойынша 89 қала, 29 кент, 6 256 ауыл бар. Өңіраралық және өңірлік бөліністе ауылдық елді-мекендерге қоныс аударушылардың саны 2019 жылы 430 519 адам болса, 2023 жылы 324 808 адамды құраған. Оның ішінде ең көп қоныс аударушыларды Алматы (83 419 адам), Түркістан (61 664) және Жамбыл (24 799) облыстары қабылдаған (1 сурет).



Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің мәліметтері бойынша құрастырылған


1 сурет – Ауыл халқының көші-қон өзгерісі (келгендер бойынша), адам

Ауылдық мекендерге көшіп келушілерді ұлты бойынша саралайтын болсақ, республикаға 2023 жылы 324 808 адам көшіп келген болса, оның ішінде ең көп бөлігін, яғни қазақ (258 056 адам), орыс (20 263) және өзбек (10 344) ұлттары құраған.

Шет елдерде өмір сүріп жатқан қазақ ұлт өкілдерін республикаға қайтаруға бағытталған мемлекеттік шара, республика тәуелсіздік алған уақыттан бері іске асырылып келе жатқаны белгілі. Осы аралықта бір миллионнан астам қазақ тарихи отанына оралған. Республикаға оралған азаматтардың көп бөлігін Қытай, Өзбекстан, Түркіменстан, Моңғолия, Ресей мемлекеттерінен қоныс аударушылар құрайды.

Елде көші-қон саласында жұмыс күші тапшы өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету; республика аумағында халықтың қоныстануының біркелкі тығыздығына басымдық беру; кәсіби мамандарды тарту; көші-қонды «адам капиталын» дамытудың құралы ретінде тану; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б. бағыттар бойынша саясат жүргізіліп жатқаны белгілі.

Ауылдық елді мекендерден көшіп кетушілердің легі де талдауға алынған мерзім ішінде тұрақты өсімді көрсеткен. Егер Қазақстан Республикасы бойынша 2019 жылы 503 934 адам қоныс аударған болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 406 707 адамға жеткен (2 сурет).



Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің мәліметтері бойынша құрастырылған

2 сурет – Ауыл халқының көші-қон өзгерісі (кеткендер бойынша), адам

2 суреттегі көрсеткіштерге сәйкес 2023 жылы ауылдан қоныс аударушылардың ең көп бөлігі Алматы, Түркістан, Жамбыл және Маңғыстау облыстарына тиесілі болып отыр.

Көші-қон үрдісі өзінің қозғалыс бағыты бойынша сыртқы көші-қон және ішкі көші-қон деп жіктелетіндігі белгілі.

Сыртқы көші-қон өзгерісін қарастыратын болсақ, 2023 жылы ауылдық елді мекендерден 3437 адам басқа мемлекеттерге қоныс аударса, 403 270 адам мемлекет

ішінде тұрғылықты жерлерінен басқа өңірлерге қоныс аударған. Сыртқы көші-қон үрдісіне қатысушылардың ішінде Қостанай (587 адам), Солтүстік Қазақстан (489 адам) және Жамбыл (360 адам) облыстарынан шет елдерге көшіп кетушілердің саны жоғары.

Ұлты бойынша тұрғындардың сыртқы көшіп-қону жағдайларын бағалайтын болсақ, ауылдық елді-мекендерден көшкен орыс, украин, неміс, поляк ұлттарының үлес салмақтары басым.

Ал, ішкі көші-қон үрдісі бойынша Алматы (82 778 адам), Түркістан (81 326 адам), Жамбыл (34 952) облыстарынан республиканың басқа өңірлеріне қоныс аударушылардың үлесі көп.

Талқылау

Жоғарыдағы талдау нәтижелері ішкі көші-қон үрдісінің негізінен ірі мегаполис қалаларға бағытталғанын көрсетіп отыр. Мегаполис қалаларда өмір сүруге қолайлы инфрақұрылымның қалыптасуы, жұмыс орындарының болуы, еңбекке ақы төлеудің басқа өңірлерге қарағанда жоғарылығы, ірі оқу орындарының және медициналық мекемелердің жұмыс істеуі тұрғындар арасындағы миграциялық үрдіске әсер етуде.

Халық санының өсуі Астана, Алматы, Шымкент тәрізді миллионер қалаларда басқа өңірлерге қарағанда басым. Ал, облыс орталықтарынан Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды және Павлодар сынды қалаларда халық санының өсуі жоғары.

Көш-қон үрдісіне қатысушылар тарапынан әлеуметтік-азаматтық инфрақұрылымы дамыған, жұмыс орындары бар, тұрмыс-тіршілік үшін қолайлы орта қалыптасқан ірі қалаларға деген сұраныс жоғары. Бұл тұжырымдар, қазіргі уақытта республика халқының 61,8%-ының қалада өмір сүріп жатқандығымен пайымдалады.

Мемлекеттегі урбанизация – дамудың қозғаушы күші, яғни қаланы құраушы экономика салалары әртараптандырылады, жаңа өндіріс нысандары пайда болады, қызмет көрсету салалары кеңейеді, жалпы кәсіби білім тереңдей түседі, инновациялық қызмет жанданады, сонымен бірге кәсіпкерлік түрлері дамиды (Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын...) [1].

Қала халқының артуы адамдардың сапалы өмір-тіршілікке ұмтылуы, кәсіби, рухани дамуға мүмкіндік алуы, еңбек нарығына белсенді араласуға деген сұраныстарынан туындап отыр. Адамдардың қалаға көшуінің белсенділігі біздің елде ғана емес, әлем бойынша миллиондаған адам қалада өмір сүруге таңдау жасауда.

Ауыл халқының көшіп-қонуының салыстырмалы түрде талдауға алынған жылдар ішінде өсуі, ауыл халқының санының төмендеуі байқалып отыр. 2023 жылғы көрсеткіш бойынша ел халқының 38,2%-ы немесе 7 556, 9 мың адам ауылдық елді мекендерде тіршілік етіп отыр. 2023 жылы ауылдық елді мекендерден 406 707 адам көшіп кеткен. Халықтың ауылдан тұрақты көшу үрдісі жұмыссыздық, жұмыс орындарының тапшылығы, жеткіліксіз

инфрақұрылым, тіршілік қуатын қамтамасыз ететін ресурстарға (таза ауыз су, орталықтан жылыту, газдандыру) қолжетімділіктің төмендігі тәрізді факторларға байланысты болуы мүмкін.

Көші-қон үрдісінің дамуының оң және теріс салдары болады. Оң салдарына жаңа жұмыс күшінің тартылуы, тұрғындардың әлеуметтік жағдайларының жақсаруы, жұмыс орындарының ашылу және т.б. жатқызуға болады. Теріс салдарына ауыл мен қала тұрғындарының теңгерімсіздігі, миграция орталығына айналған елді мекендерде тұрғын үй құрылысының тапшылығы, қалалық қоғамдық-тасымалдау қызметтеріне, инженерлік-коммуникациялық желілерге, әлеуметтік мекемелерге жүктеменің артуы орын алады.

Сондықтан, ішкі және сыртқы көші-қон үрдісін реттеуге, қадағалауға және басқаруға қатысты тиімді іс-шаралар кешені мен тетіктерін анықтау керек.

Қорытынды

Көші-қон үрдісіне жасалған талдау нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Экономикадағы маңызды факторлардың бірі – көші-қон үрдісі. Көші-қон үрдісі ақша аударымдарына, білікті жұмыскерлердің оралуына, жұмыс күшінің жасаруына, жекелеген адамдардың әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерге қол жеткізуіне ықпал етсе, екінші жағынан әлеуметтік инфрақұрылымға жүктеменің артуы, тұрғын үй тапшылығы, құқықтық қорғалмау, қауіпсіздік мәселелерін туғызып отыр. Сондықтан көші-қон саясатының кез-келген мемлекет үшін маңыздылығы жоғары.

2. Көші-қон үрдістері мемлекеттік қауіпсіздікке, қоғамдық тыныштық пен келісімге, республикадағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайларға тікелей әсерін тигізеді.

3. Сыртқы көші-қон ағынына қатысушыларды оның ішінде жұмыс істеу мақсатында ел аумағына келген және ел аумағынан кеткен азаматтар үшін заңды еңбек көш-қон шарттарын, түсіндіру-кеңес беру, құқықтық қорғау, ұйымдастырушылық іс-шаралардың тетіктерін жетілдіру керек.

4. Көші-қон ағыны еңбек нарығының өзгерісіне, өңірлік дамуға, құрылыстың жүргізілуіне, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің қызметіне сұраныстың қалыптасуына, демографиялық статистиканың өзгерісіне әкеледі. Бұл аумақтардың теңгерімсіз дамуына негіз болады. Сондықтан, халықтың көшу қарқыны басым елді мекендердегі инфрақұрылымның дамуына,

жаңа жұмыс орындарының ашылуына, тұрмыс-тіршілікке қолайлы ортаны қалыптастыруға назар аудару қажет.

5. «Серпін-2050», «Дипломмен ауылға», «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» сынды мемлекеттік бағдарламалары ішкі көші-қон үрдісіне қатысушы жастардың елді мекендерде тұрақтануына, халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірлердегі жастардың кадр тапшылығы бар, Қазақстанның солтүстік, батыс және шығыс өңірлерінде оқытып, жұмысқа орналастыруға ықпал етіп отыр.

6. Ішкі көші-қон үрдісінде ауылдық елді мекендерден көшіп кетушілердің басымдығы ауылдық аумақтарды теңгерімді дамытуға, жұмыс орындарын ашуға, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіруге, өміртіршілікті жақсартуға жіті назар аударуды талап етуде.

Авторлардың үлесі: Шохан Роза: кіріспе, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау, сандық көрсеткіштерді талдау; басылымды өңдеу; Нурпеисов Сағат: әдеби шолу жазу, зерттеу нәтижелерін көрнекілеу; Хойч Айжан: зерттеу әдістерін сипаттау және үйлестіру; сандық мәліметтерді жинау; қорытынды.

Мүдделер қақтығысы: автор мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 961 қаулысы [Электрондық ресурс].-2024.-URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000961> (қаралған күні: 10.06.2024).

[2] Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204 Заңы [Электрондық ресурс].– 2024.–URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000204> (қаралған күні: 10.06.2024).

[3] Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 16 қыркүйек N 900 [Электрондық ресурс].-2024.-URL:<https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P980000900> (қаралған күні: 11.06.2024).

[4] Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 1371 Қаулысы [Электрондық ресурс].– 2024.– URL: <https://www.surl.li/sdxlg> (қаралған күні: 11.06.2024).

[5] Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003

жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы [Электрондық ресурс].– 2024.– URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001149> (қаралған күні: 12.06.2024).

[6] Сухов, А.Н. Миграция в Европе и ее последствия: учеб. пособие/ А.Н. Сухов, С.А. Трыканова.-М.: ФЛИНТА, 2021.- 216с.

[7] Нурмагамбетов, А.М. Миграция населения: сущность, функции и виды (правовой аспект) / А.М. Нурмагамбетов, С.Б. Нурмагамбетова// Вестник Института законодательства Республики Казахстан.-2010.-N2(18).-С.74-81.

[8] Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электрондық ресурс].–2024.–URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution (қаралған күні: 12.06.2024).

[9] Никитская, Е.Ф. Социально-экономические аспекты миграции населения в России / Е.Ф. Никитская, С.В. Грабчук // Путеводитель предпринимателя.-2016.- №3.- С. 146-162.

[10] Бойков, В.Э. Социальные аспекты миграции населения [Электронный ресурс].- 2024.- URL: <https://www.cyberleninka.ru/article/n/sotsialnye-aspekty-migratsii-naseleniya/viewer> (дата обращения: 12.06. 2024).

[11] Зайцева, И.Б. Актуальность изучения процессов внутренней миграции в современном обществе / И.Б.Зайцева // Человеческий фактор: Социальный психолог. -2020. -№ 2 (40).-С. 72-80.

[12] Хрусталева, Н.С. Переживание психической травмы и печали в условиях эмиграции / Н.С. Хрусталева // Вестник Санкт-Петербургского университета.- 2010.-Вып. 1.- С. 253-260.

[13] Евтушенко В.И. Миграция как способ реализации экологических прав граждан: / В.И. Евтушенко, Ю.Г. Шпаковский.- М.: Норма, 2020.-176с.

[14] Қазақстанның демографиялық жылнамалығы [Электрондық ресурс].- 2024. – URL: <https://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 14.06.2024).

[15] Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны, 2022 жыл [Электрондық ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 14.06.2024).

References

[1] Qazaqstan Respublikasy köshi-qon saiasatynyñ 2023-2027 jylдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Qazaqstan Respublikasy Үкіметінің 2022 jylғы 30 jeltоqsандағы № 961 qaulysy [Resolution No. 961 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 30, 2022 on approval of the concept of the migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000961> (date of access: 10.06. 2024) [in Kazakh].

[2] Halyqtyñ köshi-qony turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 1997 jylғы 13 jeltоqsандағы N

204 Zañy [Law No. 204 of the Republic of Kazakhstan dated December 13, 1997 on population migration]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000204> (date of access: 10.06.2024) [in Kazakh].

[3] Etnikalyq qazaqtardyñ tarihi otanyna oraluy tñjyrymdamasy turaly Qazaqstan Respublikasy Ùkimetinñ qaulysy 1998 jylğy 16 qyrküiek N 900 [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated September 16, 1998 No. 900 on the concept of the return of ethnic Kazakhs to their historical homeland]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P980000900> (date of access: 11.06.2024) [in Kazakh].

[4] Qazaqstan Respublikasy Köşı-qon saiasatynyñ 2001-2010 jylдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы Qazaqstan Respublikasy Ùkimetinñ 2001 jylğy 29 qazandağy N 1371 Qaulysy [Approval of the sectoral program of the Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2001-2010 Resolution No. 1371 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2001]. Available at: <http://surl.li/sdxlg> (date of access: 11.06.2024) [in Kazakh].

[5] Qazaqstan Respublikasynyñ Auyldyq aumaqtaryn damytudyñ 2004-2010 jylдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Qazaqstan Respublikasy Prezidentinñ 2003 jylğy 10 şildedegi N 1149 Jarlyğy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated July 10, 2003 N 1149 on the state program for the development of rural areas of the Republic of Kazakhstan for 2004-2010]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001149> (date of access: 12.06.2024) [in Kazakh].

[6] Suhov, A.N., Trykanova, S.A. (2021). Migracija v Evrope i ee posledstvija: uceb. Posobie [Migration in Europe and its consequences: textbook]. M.: FLINTA, 216 [in Russian].

[7] Nurmagambetov, A.M. (2010). Migracija naselenija: sushnost', funkci i vidy (pravovoj aspekt) [Population migration: essence, functions and types (legal aspect)]. *Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan - Bulletin of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan*, (2), 74-81 [in Russian].

[8] Qazaqstan Respublikasynyñ Konstituciasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution (date of access: 12.06.2024) [in Kazakh].

[9] Nikitskaja, E.F. (2016). Social'no-jekonomichekije aspekty migracii naselenija v Rossii [Socio-economic aspects of population migration in Russia]. *Putevoditel' predprinimatelja - Entrepreneur's Guide*, (3), 146-162 [In Russian].

[10] Bojkov, V.Je. (2024). Social'nye aspekty migracii naselenija [Social aspects of population migration]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnye-aspekty-migratsii-naseleniya/viewer> (date of access: 12.06.2024) [in Russian].

[11] Zajceva, I.B. (2020). Aktual'nost' izučeniya processov vnutrennej migracii v sovremennom obshhestve [Relevance of studying the processes of internal migration in modern society]. *Chelovecheskij faktor: Social'nyj psiholog-Human factor: Social psychologist*, 2(40), 72-80 [in Russian].

[12] Hrustaleva, N.S. (2010). Perezhivanie psihicheskoy travmy i pechali v uslovijah jemi-gracii [Experiencing mental trauma and sadness in conditions of emigration]. *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta - Bulletin of St. Petersburg University* (1), 253-260 [in Russian].

[13] Evtushenko, V.I., Shpakovskij, Ju.G. (2020). Migracija kak sposob realizacii jekologicheskix prav grazhdan: monografija [Migration as a way to realize the environmental rights of citizens: monograph]. Moscow: Norma, 176 [in Russian].

[14] Qazaqstannyñ demografialyq jylnamalyğy (qazaq және орыс тilderinde) [Demographic Yearbook of Kazakhstan (Kazakh and in Russian languages)] (2021). Available at: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 14.06.2024) [in Kazakh].

[15] Qazaqstan Respublikasy halqynyñ köşı-qony [Migration of the population of the Republic of Kazakhstan] (2022). Available at: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 14.06.2024) [in Kazakh].

Авторлар туралы ақпарат:

Шохан Роза – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; «Туризм» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010008 Сәтпаев көш., 2, Астана қ., Қазақстан; e-mail: roza-shokan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1005-3769>

Нурпеисов Сағат; экономика ғылымдарының магистрі; әлеуметтік және корпоративтік даму жөніндегі проректор; «Тұран-Астана» университеті; 010000 Дүкенұлы көш., 29 Астана қ., Қазақстан; e-mail: nurpeisov@tau-edu.kz; <https://0009-0007-1582-698X>.

Хойч Айжан; Ph.D, қауымдастырылған профессор; «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010008 Сәтпаев көш., 2, Астана қ., Қазақстан; e-mail: khoich.aizhan@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0002-0128-3052>.

